

ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНЕР ҒЫЛЫМДАРЫ / HUMANITIES AND ARTS / SOCIAL SCIENCES

ӘОЖ 821.512.122(092)

АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БОЯУ*Аспан Айтолқын**2-курс магистранты, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы**Ғылыми жетекші: Жакупов Ж. А.,**филология ғылымдарының докторы, профессор.*

Бұл мақала Ақселеу Сейдімбек прозасындағы ұлттық бояудың көркемдік табиғатын, оның тілдік, мәдени және дүниетанымдық ерекшеліктерін талдауға арналған. Зерттеуде жазушы қолданған этнографизмдер, тұрмыс-салт лексикасы, дәстүрлі ұғымдар мен символдар жүйесі ұлттық дүниетанымды көркем модельдеу құралы ретінде қарастырылады. Автор туындыларындағы киіз үй, оның бөлшектері, көшпелі өмірге қатысты атаулар, салт-дәстүрді танытатын лексемалар тек заттық мағынада емес, халықтың рухани коды мен тарихи жадының көрінісі ретінде сипатталады.

Кілт сөздер: этнографизм, мәдени лексика, ұлттық бояу, архаизм, дәстүрлі атаулар.

Қазақ әдебиетіндегі көрнекті тұлғалардың бірі Ақселеу Сейдімбек шығармашылығы мазмұн тереңдігімен ғана емес, ұлттық бояуға қанық тілдік өрнегімен де ерекшеленеді. Оның прозасында халық өмірі, тұрмыс жүйесі, салт-дәстүрі мен дүниетанымды этнографиялық лексика арқылы кең тыныспен ашылып, көркемдік тұрғыда жаңаша сипат алады. Сейдімбек прозасы – тек көркем туынды емес, сонымен бірге ұлттың тарихи жады мен мәдени коды сақталған тілдік-рухани құбылыс. Жазушы қолданған сөздік құрамды зерделеу оның ұлттық-мәдени атауларға ерекше мән бергенін аңғартады. Бұл тілдік бірліктер арқылы автор қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын, рухани құндылықтар жүйесін және мәдени тәжірибесін нақты әрі терең бейнелейді. Осындай ерекшеліктер Сейдімбек мұрасын қазақ этнографиясының көркем тілмен жазылған жиынтығы іспетті бағалы құбылыс деңгейіне көтереді.

Қаламгердің туындылары ұлттың болмысы мен далаға тән өмір философиясын, адам мен табиғат арасындағы үйлесімді байланысты көркемдік тұрғыдан қайта жаңғыртады. Сол себепті оның шығармалары қазақтың этникалық, мәдени және тілдік жадын тұтастай қамтитын бірегей көркем

модель ретінде қабылданады. Бұл зерттеуде Ақселеу Сейдімбек прозасындағы ұлттық реңкті қалыптастыратын тілдік құралдар мен көркемдік тәсілдер жүйелі түрде қарастырылады.

Ақселеу Сейдімбек мәтіндерінде халықтың дәстүрлі тіршілігі, тұрмыс мәдениеті, шаруашылық тәжірибесі өзіне тән атаулар арқылы айқын бедерленеді. Оның көркем тілі ұлттық нақышты тереңдетіп қана қоймай, этнолингвистикалық ақпаратты да молынан қамтиды. Жазушы сөздік құрамындағы ұлттық-мәдени лексемалардың қызметі — қазақ халқының рухани әлемін, әлеуметтік қатынас нормаларын және мәдени-тарихи тәжірибесін көркем мәтін бойына сіңіру. Осындай тілдік құрылымдар Сейдімбек прозасын ұлттық болмысты танытатын, рухани мұраны сақтайтын көркем энциклопедия деңгейіне жеткізіп, қазақ дүниетанымының көркемдік моделі ретінде танытады. Ақселеу Сейдімбектің туындылары қазақ халқының күнделікті өмір салты мен рухани әлемін бейнелейтін аса бай сөздік қоры арқылы дараланады. Оның прозалық мәтіндерінде ұлттық болмысқа қатысты лексемалар кең орын алады. Жазушының шығармаларында *той, қонақасы, ас беру, шілдеhana, бесікке салу, қыз ұзату, құда түсу, келін түсіру* сияқты дәстүрлік атаулар жиі ұшырасып, қазақ салт-санасының көркем сипатта берілуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, қазақтың дәстүрлі ас атаулары – *қымыз, шұбат, бауырсақ, қазы-қарта, жал-жая* мәтіннің көркемдік құрылымын толықтыра түседі. Киім-кешекке қатысты *шапан, камзол, сәукеле, тымақ, ішік* тәрізді атаулар ұлттық тұрмыстың нақты көрінісін қайта жаңғыртады [1]. Мал шаруашылығына *қатысты жорға, тұлпар, бие, тай* және жылқы жасын білдіретін *құнан, дөнен, айғыр* сияқты сөздердің прозада жиі кездесуі мәтінге этнографиялық бояу қосады. Осындай лексикалық бірліктер халықтың тіршілік тынысын суреттеуде ұлттық ерекшелікті айқындап қана қоймай, шығармалардың танымдық маңызын да күшейтеді.

Жазушы тілінде этнографизмдердің ауқымды қолданылуы да назар аудартады. Ол тұрмыс пен салтқа байланысты *кереге, уық, шаңырақ, туырлық, жүк, сандық, адалбақан* тәрізді этнографиялық атауларды кеңінен пайдаланып, қазақтың материалдық мәдениетін көркем түрде таныта білді. Сонымен бірге, *тұсау кесу, енші беру, сыңсу, жоқтау, бата беру, ерулік* секілді салт-дәстүрге қатысты терминдер шығармаларда шынайы ұлттық өрнек жасап, мәтіннің этнографиялық мазмұнын тереңдетеді [2]. Осылайша этнографиялық лексиканың мол қолданылуы қаламгер прозасына халықтың тұрмысын дәл бейнелеу мүмкіндігін беріп, оның туындыларын этнографиялық сипаттағы кең ауқымды дереккөзге айналдырады.

Ақселеу Сейдімбек шығармаларында архаикалық және тарихи лексика да елеулі орын алады. Бұл сөздік қабат қаламгер мәтіндеріне тарихи рең беріп, қазақтың дәстүрлі дүниетанымын ашуға көмектеседі. Жазушы өткен кезеңнің

көрінісін суреттегенде қазіргі тіл қолданысынан алыстап кеткен, көнерген сөздерді орнымен енгізу арқылы көркем мәтіннің әсерлік қуатын арттырады.

Мәселен, *алаш* сөзі – қазақ халқының этникалық бірлігі мен тұтас болмысын білдіретін көне ұғым ретінде танылған [3]. Жазушы бұл атауды тек тарихи атау ретінде ғана емес, ұлттық идеяның рәмізі ретінде де пайдаланады. Сардар – әскер басын ұстаған тұлғаны, ерлік пен батырлықты танытатын лексема; ол қазақтың жауынгерлік дәстүрін және елді қорғауға тән рухты айқындайды. Жырау мен абыз атаулары дәстүрлі қоғамдағы рухани жетекшілерді сипаттаса, серке сөзі көшпелі ортадағы жетекшілік қызметтің символы ретінде көрінеді. Ал *болыс* атауы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы патшалық Ресейдің әкімшілік құрылымында қолданылған тарихи термин саналады [4].

Зерттеушілер Е. Жанпейісов пен Р. Сыздық ұлттық-мәдени лексиканы «ұлттың тарихи жады мен рухани тәжірибесін ұрпақ сабақтастығына жеткізетін тілдік қазына» деп бағалайды [5]. Расында да, осындай сөздерсіз көркем мәтін ұлттық келбетін жоғалтып, тек формалды тілдік құрылым деңгейінде ғана қалып қояды. Ал А. Сейдімбек шығармаларында ұлттық-мәдени лексика жазушының тілдік әлемін даралайтын негізгі көрсеткіштердің бірі ретінде көрінеді.

Этнографизмдер – халықтың өмір салтын, әдет-ғұрпын, шаруашылық ерекшеліктерін көз алдымызға елестететін бейнелі бірліктер. Әрбір этнографизм – өткен дәуірдің, мәдени орта мен тұрмыс салтының тірі куәсі. Мәселен, *сәукеле* – қазақ қызының нәзіктігі мен сұлулығын айшықтаса, *кимешек* – ана мейірімін, отбасы ұйытқысын еске түсіретін белгі [6]. Сондай-ақ *адырна* мен *найза* – батырлық идеалдың, ерлік дәстүрінің көрінісі. Осындай этнографиялық атаулар арқылы жазушы тек тұрмысқа қатысты деректерді ғана емес, халықтың рухани әлемі мен ұлттық мінезін де көркем түрде ашады.

Бұдан бөлек, Ә. Қайдар этнографизмдерді «халықтың этнолингвистикалық жадындағы сақталған дерек» деп сипаттайды [7]. Мұндай сөздер көркем мәтінде қолданылғанда, оқырманды өткен ғасырлардағы қазақ болмысымен табыстырып, дәстүрлі мәдениеттің лебін сездіреді. А. Сейдімбектің прозасы этнографизмдерге аса бай болғандықтан, оның шығармалары қанық ұлттық сипатымен және шынайылығымен ерекшеленеді.

Ұлттық-мәдени лексика мен этнографизмдер – қазақ тіліндегі екі өзара сабақтас, бірін-бірі айқындайтын қабат. Ұлттық-мәдени лексика халықтың мәдени әлемін тұтас қамтитын кең ауқымды тілдік өріс болса, этнографизмдер сол өрістің ішіндегі нақты тұрмыс көріністерін, салт-дәстүрдің дара белгілерін бейнелейтін ерекше тілдік бөлшектер саналады. Бұл екі деңгей бірлесе отырып, қазақ тілінің көркемдік мүмкіндігін күшейтіп, оның бейнелеу қуатын тереңдетеді. А. Сейдімбек осы сөздік қорды шебер пайдаланып, прозасына ұлттық рең мен тарихи мазмұн дарытқан.

А. Сейдімбек шығармалары қазақ халқының рухани дүниесін, мәдени мұрасын, әдет-ғұрпын кең көлемде танытатын туындылар қатарына жатады. Жазушының прозасында кездесетін ұлттық-мәдени лексика – халықтың тарихи жады мен дүниетанымын ашатын негізгі тілдік қабаттардың бірі. Ол кейіпкерлерінің өмір салтын, тұрмысын, салт-дәстүрін сипаттауда тек күнделікті тұрмыстық атауларды ғана емес, ұлттың мәдени кодын сақтаған сөздерді де жиі қолданып, олардың мағыналық салмағын терең ашады. Осындай лексикалық бірліктер шығарманың көркемдік деңгейін арттырып қана қоймай, оқырманды қазақы болмыстың ішкі мәнімен таныстырады.

Ақселеу Сейдімбектің «Күзеуде» повесі – қазақ халқының дүниетанымын, мал өсіруге негізделген өмір философиясын және ұлттық ойлау жүйесін көркем тіл арқылы қайта жаңғыртқан шығарма. Жазушы үшін тіл – тек сипаттау құралы емес, сонымен бірге этномәдени жадының сақтаушысы; ал көркем мәтін – ұлт болмысын жеткізетін рухани кеңістік. Осы себепті жазушы тіліндегі сөздік құрамды зерттеу ұлттық-мәдени лексиканың табиғатын ашумен тікелей байланысты. Повесте табиғат, уақыт, қоныс, тіршілік тәсілі, мал шаруашылығы мен тұрмысқа қатысты детальдар жиі кездесіп, қазақтың рухани әлемімен байланыстыратын «тілдік код» қызметін атқарады.

Ақселеу Сейдімбек үшін үй құрылысына, тұрмысқа қатысты *үй, ошақ, қазан, туырлық, босаға* сияқты атаулар қарапайым тұрмыстық сөздікке ғана жатпайды; олар – халықтың адамгершілік бағыт-бағдарын, рухани дүниесін және дүниетанымдық жүйесін танытатын ерекше мәнді ұғымдар.

Жазушының көркем мұрасы этнографиялық атаулардың поэтикалық қуатын, олардың идеялық-символдық мүмкіндіктерін айқын көрсететін үлгілердің бірі болып табылады. Оның мәтіндерінде *ошақ, қазан, босаға, төр, туырлық, кереге, уық, шаңырақ, дастарқан* тәрізді этномәдени бірліктер заттың атауы деңгейінде ғана емес, қазақтың рухани әлемі мен кеңістік моделін білдіретін ерекше мағыналық жүйе ретінде көрініс табады.

Төр – киіз үйдің есікке қарама-қарсы орналасқан, ең құрметті бөлігі. Бұл орын әдетте жасы үлкендер мен сыйлы қонақтарға арналған. Киіз үйдің ішкі кеңістігі адам мен кеңістік арақатынасына байланысты қалыптасқан дәстүрлі түсінікпен реттелгендіктен, үй бөлінісі дәл осы төрден бастау алады. Яғни, киіз үй кеңістігінің «орталық нүктесі» – төр. Ежелгі билеушілердің жоғары дәрежелі орны төрмен байланыстырылғандықтан, төре сөзімен де этимологиялық сабақтастық байқалады. Төрге жайғасқан адам сөз айтады, билік жүргізеді. Көне түркі жұрты мемлекет атауын төр деп атағаны, қыз баланың туған ауылын төркін деуі осы ұғымның қадірін танытса керек [29, 469б].

Босаға – үйдің екі жақтауынан тұратын, есікті ұстап тұратын және оның маңындағы кеңістікті білдіретін атау. Бұл жақтаулардың үстіне маңдайша, төменгі бөлігіне табалдырық орнатылады. Керегенің екі жақ шеті дәл осы

босағаға байланады. Босаға, маңдайша, табалдырық және кереге мен уықтың біріктірілуі арқылы үйдің кіріп-шығатын есік бөлігі толық құралады [8, 522 б].

Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп ұстап тұратын ағаш дөңгелек. Шаңырақты жергілікті ағаш түрлерінен, көбіне қайың, жиде, үйеңкі, қаратал немесе тораңғының иіні бар тұтас кесінділерінен немесе бірнеше бөліктен құрап жасайды. Этнографиялық деректер шаңырақ өлшемінің үй көлеміне қарай әртүрлі болатынын көрсетеді [8, 657 б].

Дастарқан – ас пен тағамға қатысты этикалық нормаларды, рәсімдік дәстүрлерді және әлеуметтік қатынастарды қамтитын кең мағыналы ұғым. Бұл сөз тағам әзірлеуден бастап қонақ шақыру рәсіміне («дастарқан жасау»), қонақтардың орналасатын тәртібіне («дастарқан басы»), әңгіме-дүкен, қарым-қатынас мәдениетіне дейінгі өте күрделі әрі көп қырлы үрдісті білдіреді [8, 608 б].

Ақселеу Сейдімбек шығармаларында күнделікті тұрмыстық атаулар тек затты білдіретін сөздер ретінде емес, тіл мен мәдениетті, символ мен идеяны жалғап тұратын көркем мағыналық қабаттар ретінде қызмет етеді. Жазушы киіз үйді тек баспана ретінде емес, қазақ өмірінің тұтас философиялық моделі ретінде сипаттайды; оның ішіндегі әрбір деталь тұрмыстық қажеттілікті емес, ұғымдық, рухани мәнді танытады. Киіз үйдің бөлшектері – кеңістікті ұйымдастыру тетігі ғана емес, халықтың дүниетанымдық құрылымын бейнелейтін концептілер жүйесі.

Жалпы алғанда, Сейдімбек прозасының сөздік табиғатын даралайтын басты белгі – ұлттық-мәдени лексиканың, этнографиялық атаулардың ерекше семиотикалық қуаты. Автор тіліндегі дәстүрлі атаулар, салт-ғұрыпқа қатысты сөздер, көшпелі өмірді сипаттайтын ұғымдар мен тарихи-әлеуметтік терминдер оқиғаны бейнелеудің қосымша көркем деталі емес; олар – оқырманға мәдени және тарихи ақпаратты қатар жеткізетін, терең мағыналы таңбалық жүйе. Жазушы қолданған этнографизмдер халықтың өмір кешу дағдысын, рухани бағдарын, әлемді қабылдау үлгісін, салттық құндылықтарын сол күйінде сақтап, мәтінге жаңа көркемдік тыныс береді.

А. Сейдімбектің ұлттық сөз өрнегі, ең алдымен, көшпелі өркениеттің материалдық мәдениетін де, рухани арқауын да айқын көрсетеді. Жылқыға қатысты лексика, қоныс көші мен табиғатқа байланысты атаулар, туыстық жүйені білдіретін сөздер, наным-сенім мен жораларға қатысты бірліктер – жазушы стилінің өзегін құрайды. Мұндай тілдік элементтер мәтіндегі әрекетті емес, орта мен рухты; оқиғалық желіні емес, қазақы дүниетаным логикусын алдыңғы қатарға шығарады. Осылайша, оқырман кейіпкерлер тағдырын жеке оқиға ретінде емес, тұтас этномәдени кеңістіктің заңдылықтары арқылы пайымдайды.

Сонымен бірге этнографизмдер жазушы прозасында ұлттық рең мен тарихи дәйектілікті қалыптастыратын басты көркемдік құралға айналады. Автор сөз

арқылы дала тәжірибесін, көшпелі қоғамның өмір ырғағын, қауымдық қатынастардың заңдылығын суреттеп қана қоймай, сол құбылыстардың ішкі мазмұнын ашуға ұмтылады. Бұл қасиет Сейдімбек шығармаларының қазақ дүниетанымын көркем түрде модельдейтін деңгейге көтерілуіне мүмкіндік береді.

Қорытындылай айтқанда, А. Сейдімбек тіліндегі этнографиялық және ұлттық-мәдени лексика – тек көркемдік элемент емес, халық жадының сақталуына ықпал ететін рухани феномен. Олар жазушы стилінің эстетикалық бірлігін қамтамасыз етіп, қазақ этномәдени кодының мәнін дәл жеткізетін негізгі поэтикалық күш ретінде танылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сейдімбек А. Қыз ұзатқан: әңгімелер мен повестер. – Алматы: Жазушы, 1986. – 240 б.
2. Сейдімбек А. Күзеуде: әңгімелер жинағы. – Алматы: Жазушы, 1984. – 200 б.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: Арыс, 2006. – Т. 1. – 600 б.
4. Совет энциклопедиялық сөздігі. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1989. – 720 б.
5. Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1981. – 350 б.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / ред. басқ. Б. Қалиев. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
7. Қайдар Ә. Қазақ этнолингвистикасының негіздері. – Алматы: Санат, 1998. – 320 б.
8. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011. – 736 б. – ISBN 978-601-7026-17-2. – 522-б.

НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОЛОРИТ В ТВОРЧЕСТВЕ АКСЕЛЕУ СЕЙДИМБЕКА

Аспан А.

Научный руководитель: Жакупов Ж. А.,

Данная статья посвящена анализу художественной природы национального колорита в прозе Акселеу Сейдимбека, а также его языковых, культурных и мировоззренческих особенностей. В исследовании рассматриваются этнографизмы, бытово-обрядовая лексика, традиционные

понятия и система символов, используемые писателем как средство моделирования национального мировидения. В произведениях автора такие реалии, как киіз үй, его составные части, наименования, связанные с кочевой культурой, а также лексемы, отражающие обрядовые и культурные традиции, представлены не только как предметные обозначения, но и как проявление духовного кода народа и его исторической памяти.

Ключевые слова: этнографизм, культурная лексика, национальный колорит, архаизм, традиционные наименования.

NATIONAL COLOR IN THE WORKS OF AKSELEU SEIDIMBEK

Aspan A.

Scientific Supervisor: Zhakupov Zh. A.,

This article is devoted to the analysis of the artistic nature of national color in the prose of Akseleu Seidimbek, as well as its linguistic, cultural, and worldview-specific features. The study examines ethnographic terms, household and ritual vocabulary, traditional concepts, and symbolic systems used by the author as tools for modeling national consciousness. In the author's works, such cultural realities as the kiiz ui (yurt), its components, terms related to nomadic life, and lexemes reflecting ritual and cultural traditions are presented not only as material designations but also as manifestations of the spiritual code of the people and their historical memory.

Keywords: ethnographism, cultural lexicon, national color, archaism, traditional terms.

REFERENCES

1. Seidimbek, A. Kyz Uzatkan: Stories and Novellas. – Almaty: Zhazushy, 1986. – 240 p.
2. Seidimbek, A. Kuzeude: Collection of Stories. – Almaty: Zhazushy, 1984. – 200 p.
3. Dictionary of the Kazakh Literary Language. – Almaty: Arys, 2006. – Vol. 1. – 600 p.
4. Soviet Encyclopedic Dictionary. – Almaty: Kazakh Encyclopedia, 1989. – 720 p.

5. Zhanpeisov, E. History of the Kazakh Literary Language. – Almaty: Gylym, 1981. – 350 p.
6. Explanatory Dictionary of the Kazakh Language, ed. B. Kaliyev. – Almaty: Daik-Press, 2008. – 968 p.
7. Kaidar, A. Fundamentals of Kazakh Ethnolinguistics. – Almaty: Sanat, 1998. – 320 p.
8. Traditional System of Kazakh Ethnographic Categories, Concepts, and Names: Encyclopedia. – Almaty: DPS, 2011. – 736 p. – ISBN 978-601-7026-17-2. – p. 522.